



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2018

9. Юнг К. Г. Душа и миф. Шесть архетипов. Минск : Харвест. 2004, 400 с.
10. Қазақтың мақал-мәтелдері: Алма-Ата, 1955, 231 б.
11. Философиялық сөздік – Н. Нұрғалиев, Ғ. Ақмамбетов, Ж.М. Әбділдин-Алматы.1996, 476бет.

ӘОЖ 902/904

**ЕРТЕ КӨШПЕНДІЛЕР ӨНЕРІН ИНТЕРПРЕТАЦИЯЛАУДЫҢ  
КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ  
(ШҚО ерте темір дәуірі ескерткіштер негізінде)**

**Кенжабаева Е.**

kenzhebaeva@mail.ru

Л.Н Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, 4 курс студенті, Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі - Үмітқалиев Ұ.Ұ.

1997 жылдан бастап Ә.Х. Марғұлан атындағы археология институтының З.С. Самашев жетекшілік еткен экспедициясы Орталық Азиядағы Франция археологиялық миссиясының бір топ қызметкерлерімен бірлесіп, бірқатар қазақстандық, француздық, ресейлік, итальяндық, швейцариялық ғылыми мекемелердің, мұражайлардың, университеттердің бір топ қызметкерлерінің қатысуымен Қазақстан Алтайының шегінде ертедегі көшпелілер ескерткіштерін жоспарлы түрде зерттеу басталды.

Қазақ Алтайының ерте темір дәуіріне жататын Берел қорғандары қазақ жерінен табылған бірден – бір мәңгілік тон басқан ескерткіштер. Берел қорғандарынан бүгінгі күнге екі мыңнан астам жыл бұрынғы палеотопырақ қабаты ғана емес, адамдардың мумияланған мүрделері, тұрмыстағы заттары, әбзелімен толық жабдықталған 13 жылқының сақталуы - Қазақ тарихында алтын әріптермен айшықталып жазылатын жаңалық болды. Берел қорғандары - Шығыс Қазақстан облысы, Катонқарағай ауданына қарасты Берел ауылынан оңт – батысқа қарай 7 шақырым жерде, 3 – ші өзен террассасында, теңіз деңгейінен 1120 м биіктікте орналасқан. Бұқтырма су аңғары оған құятын Ақ Берел(Ақбулак), Бұланты(Сохатуха, Кандысу) таулы өзендерімен шектесіп жатыр. Шығысы және батысы аралас орманды: ақ қайың, қарағай, көк терек, бал қарағай, шырша және т.б ағаш түрлеріне бай тау шатқалдарымен тұйықталған. Обалар орналасқан жазықта бір кездері осы ағаштардың өскен іздері байқалады.

Қазіргі таңда археологтардың көмегімен қорымда 20-дан астам оба зерттелді. Тізбектеле орналасқан обалар бірнеше топтан тұрады. Шамасы әр обалар тобы белгілі бір тайпа өкілдеріне тиесілі болса керек

Берел қорымы екі үлкен топқа жататын төрт обалар тізбегінен тұрады. Оның негізін СБ-ОШ бағытында созылған бірнеше қаз – қатар орналасқан обалар құрайды. Ең ірі тізбекте тұрпаты ірі «ладья» немесе үстінен қарағанда эллипс тәріздес обалар болса, ал басқа тізбектегілер дөп – дөңгелек келген. Әрбір тізбекте доминант оба болады. Бұдан туындайтын ой – әрбір тізбекте осы кеңістікте бірін бірі алмастырып билік жүргізген көшпелілер династияларының көсемдері, олардың қандас туыстары және қоғамның бекзадалары жерленуі мүмкін [1, 32-б].

Обаның жер үсті құрылымдарының көлемі, көрдің тереңдігі мен ішіндегі құрамдас бөліктерінің күрделілігі, жерленген адаммен қойылған мүліктердің, тағы басқалардың, мысалы, аттардың саны мен заттардың бағалылығы сияқты белгілеріне қарай патшалық оба, билеуші әулеттің өкілдері, көшпелі қоғам ақсүйектері, қолбасшы батырларға арналған жерлеу орындары ерекшеленіп бөлініп шығады [2, 110-115 б]. Бүгінгі күнде Берел қорымдарынан қазылған обалардың ішінен кең көлемде ғылыми информация беретін, жан – жақты зерттеліп жатқан №

11 оба. Аталған обаны зерттеудің ерекшеліктеріне орай жаратылыстану ғылымының әрбір саласының мамандарымен бірігіп атқарылған қызметтер нәтижесінде геокриологиялық, антропологиялық, палеогенетикалық, палеозоологиялық, палеопатологиялық қорытындалар белгілі болып отыр.

Тарихты зерттеудің бірден бір жолы, қай тарихи кезеңді алсақ та, сол ортадағы өмір, қоғам, әлеуметтік – экономикалық жағдай, тұтас сол ортаның идеологиясын – этностың қалдырған өнерінен байқай аламыз. Сақ дәуірін жете зерттеудің бір жолы – олардың қалдырған мұрасы болып табылатын Аң стилі. Еуразия территориясын ерте темір дәуірінде мекен еткен көшпелі халықтың негізгі шаруашылығы – көшпелілікке негізделді. Көшпелі салттың қай типі маусымдық, жылдық болсын, негізгі түсінікті ақиқат бар. Бұл – көшпелілердің табиғаттан ажырамағандығы. Көшпелілердің өмір сүру деңгейі тікелей аймақтардың табиғи – географиялық жағдайына байланысты болды. Жергілікті ортада әрдайым соғыстарға негізделген өмір сүру типі қалыптасты. Негізгі шаруашылық – көшпелі мал шаруашылығы болғандықтан, әртүрлі этникалық топтардың арасында малдың кең жайылымы соғыстардың нәтижесінде тартып алынып отырды. Осындай әлеуметтік тартыстар нәтижесінде, табиғи заңдылыққа сәйкес күшейген топтар арасынан – әлеуметтік элитаның пайда болуына әкелді.

Отандық және Ресей зерттеушілері зерттеу нәтижесінде : Орталық Азия жерін мекендеген көшпелілерде б.з.б VIII ғасырларда мифологиялық түсініктері қалыптасқандығын (Кузьмина, 1976, с.56-65; Раевский, 1983, с.13; Акишев, 1984, с.53. және т.б) атап көрсеткен [3, 53б]. Бұл өз кезегінде ертетемір дәуірінде Қазақстан жерін мекен еткен көшпелі тайпалар қолөнерінде заттарды: ат – әбзелдерін, киімдерін, әскери қару – жаракты аң стилімен өрнектеу кең етек алғандығын көрсетеді.

Қазақ алтайындағы 1997 – 2002 жылдары зерттелген Берел қорымының № 11 ғылымдағы аса сирек бірегейлер тобына жатқызуға болады. Көрді зерттеу барысында табылып, реставраторлардың қажырлы еңбегінің арқасында сол қалпында сақталған мыңнан аса үлкен және кіші көлемді ағаш бұйымдар ерте темір дәуіріндегі ағашты өңдеу тәсілін жан – жақты ғылыми талдауға мүмкіндік берді. Пішіні мен мәні жағынан әртүрлі болып келетін шаруашылық, тұрмыстық бұйымдар жиынтығы Берелдегі ежелгі тұрғындардың шаруашылық жүргізуінің түрі, кәсібі жөнінде дәлме – дәл түсінік береді. Ерекше категориялары жеткілікті және айтарлықтай көп ағаштан жасалған бұл бұйымдар бір данамен және бірнеше топпен де кездеседі және сақталыну дәрежесі әрқалай [4, 230-б].

Берел қорымдарының № 11 қорғаннан зерттелген жылқылар аң стиліндегі ат – әбзелдерімен бірге жерленгені туралы жоғарыда атап көрсеттік. Ат әбзелінің бөлшектері – жүгенінен бастап өмілдірігі, құйысқаны, ер тоқымы – қапсырмалары, сулықтары, ілдіргілері, қайысты айырап тоғалары – ағаштан жасалып, өрнектер ойылып, көбінесе жұқа алтынмен қапталып, кейде үстеріне қалайы жалатылған.

Ат әбзелінің әшекейлерінде бейнеленген жануарлар ішінде мысық тұқымдас жыртқыштар, тау теке мен архарлар, бұландар, жыртқыш құстар, сонымен бірге өсімдік нақыштары кездеседі. Ең көп кездесетіні: жыртқыш аңдар образдары, арпалысу сәттері және күрес бейнелері.

Ағаштан жасалған ат – әбзелдері барельеф және мүсіндеу техникасын пайдалану арқылы жасалды. **(сур1.)** [1, 26-б].




*Рис. Плагетка с изображением сцены терзания кошачьим хищником оленя*

Кездесетін ағаш тілімшелердің барлығы (пластинки) балқарағай ағашынан көркемдеп ою арқылы жасалған. Көшпелілер өнерінде ойып жасау әдісімен жасалған заттарға – пышақты негізгі құрал ретінде пайдаланды. Барлық заттардың беткі жағы – пышақтың жүзімен рельеф және барельеф әдісімен ойылған. Ал, төменгі жағы – пышақ немесе шоттың жүзімен бірінші ретті өңдеуден өткен тегіс болып келеді. [4, 217-б]. Ежелгі Берелдіктердің өнерін зерттеу кезінде негізгі композициялық образдардың бірі – шабуыл сәті (сцены терзания). Көп кездесетін образдардың біріне тоқтала қарастырайық.

Ежелгі көшпелілердің мифтік-ғұрыптық кешенімен байланысты ең сүйікті сюжеттерінің бірі мысық тұқымдас жыртқыштың шөп қоректіні талап, жұлып жатуы деп аталатын көрінісі. Ол ежелгі берелдіктердің көптеген қапсырмаларынан көрініс тапқан. [5,32-б].

(сур 2). № 11 оба. Жолбарыстың бұзғыға шабуылының сәті бейнеленген әшекей





180, 181.  
Artistic carving.  
Plaquettes with scenes of tearing.

Резьба художественная.  
Плакетки с изображением  
сцены терзания.

*Қорған № 11. Шабуыл бейнесі*

Тіктөртбұрышты айылбас – тоғалы тілімше. Барельеф әдісімен беткі жағы ойылған, ал түбі тегіс. Екі тілімшеде де рамкаланған бөлігі бар. Негізгі орталық бөлігіндегі жолбарыстың бұғыға шабуылдаған сәті бейнеленген.(2-3сур.) . Қарағай ағашының жіңішке бөліктерінен ойылып жасалған бұл тілімшелердің өлшемдері: 73 x 70x 6,5 мм және 49 x 41 x 7 мм. Кіші тілімшенің екі жағынан диаметрі 1 мм ойылған екі жұп тесігі бар, арасы 9мм. Үлкен көлемді айылбас – тоға тілімшесінде төрт жағынан төрт жұп тесігі бар, бір – бірінен 7 мм қашықтықта орналасқан. Ойылған арнайы тесіктері арқылы әшекейлі тілімшені былғары немесе матаға орналастырған.

Семантикалық белгілері: Орталық бөлігінде бейнеленген негізгі шабуыл – арпалысу образы. Тілімшеде орналасқан бұғы бейнесі жолбарыстың шабуылынан қашқан сәті. Бұл бейнеде аңдар әрекет үстінде екені көрсетілген. Себебі, бұғы қашқан сәтінде басы жоғары қарап, 5 тарамға бөлінген мүйізі арқылы жолбарыстан қорғану қимылы болуы мүмкін. Қашқан сәтінде бұғы аяқтарының бейнесін ертедегі Берелдік шеберлер айналдыра теріс орналастыру (вывернутый круп) арқылы көрсеткен. Бұғының желкесіне шабуылдаған жолбарыс, өз жемтігіне жеткен әрбір аңның қимылын сипаттап тұр. Жолбарыс денесінің төменгі бөлігі де айналдыра теріс орналасқан. Бұл өз кезегінде, аң стилінің дамыған кезеңі. Өйткені, аңдардың арпалысу әрекетін Ерте Берелдік шеберлер образдар арқылы, дене бөліктерін айналдыра теріс орналастыру (вывернутый круп) арқылы көрсете білді. Берілген тілімшедегі шабуыл кезіндегі аң образдарын айналдыра теріс орналастырылған композиция, Пазырық қорғандарынан (Аржан) табылған былғары және теріден жасалған кілемдердегі композициялармен аналогтық ұқсастық белгілері бар екендігін Е.С. Богданов «Образ хищника в пластическом искусстве кочевых народов Центральной Азии» монографиялық еңбегінде атап көрсеткен. [6, 45-6].

Аң образдарын бейнелеу жолдары: «тыныштық күйі» және аңдардың шабуыл, арпалысу сәттерін екі бөлек қарастыру жөнінде белгілі орыс ғалымы, скиф – сібірлік аң стиліне сипаттама жасаған Раевский қарастырған.[7,4-66].

Берел ескерткіштеріндегі аң стиліне сипаттама жасаған тұста, аң стилінде орын алған аң образдары көп жағдайда Берел территориялық аймағы орналасқан Қазақ Алтайының фауналық жануарлары екенін атап көрсеткен жөн: бұғы, марал, тау барысы, құстар бейнесі және т.б образдар.

Қарастырылып отырған аң стиліндегі жануарлардың арпалысу бейнелері мен шабуылдау сәті, көп жағдайда жыртқыш (мысық тұқымдас) сүтқоректі жануарға шабуылдауын байқаймыз. Аталған шабуылдау бейнесі, сол қоғамның идеологиялық түсініктерімен тығыз байланысады. Осы бейнелер арқылы:

Сол тарихи кезеңдегі әлеуметтік қатынастарды: көшпелі қоғамның орнына алғашқы әлеуметтік жіктелуге негізделген қауымдық топтың келуін көрсетуі мүмкін.

Көшпелі қоғамның өмір сүруі тікелей соғыстарға негізделе бастағандықтан, әрдайым соғыс пен бейбіт өмірдің арасындағы күресті бейнелеуі.

Белгілі этникалық топтың келесі бір этникалық топтан күштілігін, осы жыртқыш аң бейнесімен байланыстыра бейнелеуі. Белгілі бір қауым немесе одақтың тотемдік сеніміне негізделген аң образы – сол одақтың Атауы немесе Бейнесі(символ) ретінде бейнеленуі. Мұндай тұжырымды өз кезегінде А.Д. Грач та атап көрсеткен[8,80-б].

Композициялық образдардың, белгілі санаттағы шабуыл кезіндегі аңдардың бейнелі образдарының жиі қайталануы біршама ғалымдар арасында ортақ пікір туғызды (Давыдова, 1971. 102 б; Кореняко, 1998. 452 б) . Қарастырылып отырған образдар жекелей тұлға немесе топтың белгілі бір тайпа, топ, қауымға тиесілі екендігін білдіретін эмблемасы (символ) болуы мүмкін [9,70-74б].

Қарастырылған ат – әбзелінің тілімшесіндегі аң стилінде бейнеленген жануарлардың өзіне тән ерекшеліктерін (жыртқыштық, жылдамдық және т.б) сол белгілі тұлғаға теңеу есебінде қарастырылған болса керек.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Самашев З., Фаизов К.Ш., Базарбаева Г.А. Археологические памятники и полевочвы Казахского Алтая. – Алматы. – 2001. – 108 с.: ил.
2. Оңғарұлы А. Қазақ даласындағы ерте көшпелілердің элиталық обаларын топтау мен жіктеу мәселелеріне // ҚР ҰҒА хабарлары=Изв. НАН РК. Сер. Общественных наук. - 2008. - № 1. - 110-117 б. -
3. Акишев А.К. Искусство и мифология саков. – Алма-Ата: Наука КазССР, 1984.
4. Самашев З.С., Мыльников В.П. Деревообработка у древних скотоводов Казахского Алтая (материалы комплексного анализа деревянных предметов из кургана 11 могильника Берел). – Алматы: ОФ «Берел», 2004. – 312 с. (на англ. рус. яз).
5. Самашев, З. Берел = Berel / Зейнолла Самашев; ҚР білім және ғылым м-гі, Ғылым ком., Ә. Х. Марғұлан атын. археология ин-ты.- Алматы: Таймас, 2011.- 236 б.: суретті. (Мәдени мұра)
6. Е.С. Богданов. Образ хищника в пластическом искусстве кочевых народов Центральной Азии(скифо-сибирская художественная традиция).
7. // Новосибирск: ИАЭТ СО РАН. 2006. 240 с. 45 – с. Таб-39.рис – 4.
8. Д.С. Раевский Очерки идеологии скифо-сакских племён. Опыт реконструкции скифской мифологии. // М.: 1977. 216 с.
9. А.Д. Грач Древние кочевники в центре Азии. // М.: 1980. 256 с., вклады.
10. В.А. Кореняко К проблеме происхождения скифо-сибирского звериного стиля. // [РА. 1998. №4. С. 64-77.](#)
11. Мыңжылдықтар куәлары: Қазақстан Археология Ғылымы 20 жылда (1991 – 2011): ғылыми мақалалар жинағы. – Алматы, 2011. – 448б